

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫ ҰЛЫҚТАДЫ



Арқалық қаласындағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» музейі мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекөлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «Өшпес із қалдырыған Өзағаң» атты көрмесін шырайлы Шымкент қаласында да паш етті.

Ұлы тұлғаның мерейтойына орай Шымкент қаласында орталық саябағында мемлекет және қоғам қайраткері Ө.Жәнібекке қойылған композициялық мүсіннің ашылу салтанаты өтіп, «Салт - дәстүр» орталығында «Дара» атты деректі фильм көрсетілді. Сонымен қатар бірнеше музейлерден келген жәдігерлер көрмесі өтті.

Көрмеге Арқалық қаласындағы Өзағаңның өз қолымен үйімдастырған облыстық «Дала өлкесі» мұражайынан келген жәдігерлер, яғни: аңызға ай-

налған итаяқ – астай, Өзаганың атақты шебер Қырым АЛТЫН-БЕКОВКЕ арнайы қолқа салып жасатқан саукелесі, күміспен күптелген ер – тұрман, ат әбзелдері, Николай патша заманындағы ақ күмістен жасалған әшекей бұйымдар, кісе белбеулер т.б. құнды жәдігерлер тамашалаушыларды таң қалдырды.

Қарт Торғаймен араға алтын көпір болып, Өзаганың 90 жылдық мерейтойына арналған іс - шараға қатысуына мұрындық болып отырған облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ерлан ҚАЛМАҚОВҚА, Арқалық қаласының әкімі Әмірхан АСАНОВҚА, Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВАҒА, музей директоры Асхат ХАСЕНОВКЕ, музей қызыметкерлері Рая ХАСЕНОВА мен Рауан ТЕРЕККЕ түркістандықтардың айтар алғысы шексіз.

**Бетті дайындаған
Дархан АМАНТАЙҰЛЫ**